



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМАЛАР

22 шілде 2016 ж.

Қазақстандықтар жария ету мақсаты үшін банктерде арнайы шоттарды белсенді түрде ашуда

Қазақстандықтар 2014 жылғы 1 қыркүйек – 2016 жылғы 18 шілде аралығындағы ақшалай қаражатты жария ету жөніндегі науқан кезеңінде 2145 банк шотын ашты, оларға 1 трлн 205 млрд теңгеден астам салынды, деп хабарлайды ҰР Ұлттық Банкінің баспасөз қызметі.

Салыстыру үшін мүлікті жария ету науқаны басталғаннан Рақымшылық туралы заңға өзгерістер енгізілгенге дейін (2015 жылғы 29 қарашаға дейін) жария ету субъектілері 181 шот ашты, көрсетілген кезеңде шамамен 84 млрд теңге енгізілді. Мүлікті жария ету талаптарын жеңілдетуге бағытталған түзетулер қолданысқа енгізілгеннен кейін 1 трлн 121 млрд теңге немесе барлық ақшаның 93%-ы жария етілді, деп атап өтеді қаржы реттеушісінің баспасөз қызметі.

Ұлттық Банктің деректері бойынша бұрынғыша Алматы қаласы (1 трлн 23 млрд теңге сомаға 1 109 шот) және Астана қаласы (87,6 млрд теңге сомаға 228 шот) көш бастап келеді, оларға республика бойынша жария етілген жалпы соманың 92%-ы тиесілі.

Науқанға 31 банк және Ұлттық почта операторы қатысқанын еске саламыз. ҚР Ұлттық Банкінің ресми сайтында азаматтар мен қаржы ұйымдарының жиі қойылатын сұрақтарына жауаптар, науқанның барысы туралы статистикалық ақпарат, жария ету рәсіміне енгізілген өзгерістер бойынша түсіндірулер орналастырылған.

2016 жылғы 19 шілдедегі жағдай бойынша ақша қаражатын жария ету бойынша науқанды жүргізу нәтижелері туралы есеп

Облыстың атауы (республикалық мәні бар қалалар, астаналар)	Есепті кезеңдегі операциялар	
	ашылған банк шоттары, бірлік	банк шоттарына енгізілгені (жеке тұлғалардан, мың теңге)
1	2	3
Астана қ.	228	87 576 653
Алматы қ.	1 109	1 022 999 517
Ақмола облысы	22	811 421

Алматы облысы	6	206 681
Ақтөбе облысы	79	15 536 859
Атырау облысы	25	12 134 582
Шығыс Қазақстан облысы	14	1 141 630
Батыс Қазақстан облысы	26	1 200 580
Жамбыл облысы	31	4 937 861
Қостанай облысы	55	2 451 969
Қарағанды облысы	171	27 997 149
Қызылорда облысы	110	242 890
Маңғыстау облысы	4	2 285 393
Павлодар облысы	21	1 438 547
Солтүстік Қазақстан облысы	20	6 251 419
Оңтүстік Қазақстан облысы	224	18 017 284
БАРЛЫҒЫ:	2145	1 205 230 435